ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 13 ақпан №5265-25-00-2/185 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты С.Сейтжанұлының төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ордабасы» кәсіби футбол клубы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Усембаева Фарида Алдабергенқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 -баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ордабасы» кәсіби футбол клубы» акционерлік қоғамының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Усембаева Фарида Алдабергенқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Усембаева Фарида Алдабергенқызынан талап Ордабасы» кәсіби футбол клубы» акционерлік қоғамының пайдасына 130 (бір жүз отыз) теңге тұрақсыздық айыппұл және 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығыстары өндірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою жайлы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін 1 (бір) ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **С.Сейтжанұлы**

Құжатқа қол қойылған: Сейтжанұлы С., 13.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 05.04.2025, судья Сейтжанұлы С., 06.04.2025

5265-25-3-1/142